



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№29 (1941) 2 ҚЫРКҮЙЕК 2024 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде VII халықаралық Asian Mechanisms and Machine Science (Asian MMS-2024) конференциясы өтті. Сала сарапшылары машиналар туралы заманауи ғылымның өзекті трендтері мен мәселелерін талқылады.



Ауқымды шараны ҚР ҰОҚ Ғылым комитетінің Ө.А.Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институты, Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірлесіп өткізді.

ҰҒА президенті ҚазҰУ инфрақұрылымымен танысты



ҚР Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ішкі инфрақұрылымымен танысты.

Құрметті қонақ жоғары оқу орнының ғылыми инфрақұрылымымен және ҚазҰУ базасында жаңадан ашылған ғылыми зертханалардың қызметімен танысты.

Сапар барысында Ақылбек Күрішбаев «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасында, «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығында және ТДМ аллеясында болды.

Орталық мамандары академия басшысына жұмыстың бағыты мен

ғылыми орталықтың негізгі міндеттері туралы айтып берді. Сондай-ақ университет ғалымдары жүзеге асырып жатқан ғылыми зерттеулер туралы толық ақпарат берілді.

Өз кезегінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев университеттегі ғылыми зерттеу жұмысына оң баға беріп, ғалымдардың алдағы ізденістеріне сәттілік тіледі.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Жалғасы 2-бетте



Заманауи ғылымның трендтері талқыланды

Конференцияның бірінші күні іс-шараға қатысушылар мен қонақтар үшін кампус-тур ұйымдастырылды. Олар Әл-Фараби мұражайын, «Қашықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану» Қазақстан – Қытай бірлескен зертханасын, география және табиғатты пайдалану факультетінің 10 жаңа инновациялық зертханасын, дәрілік препараттарды өндіру цехын, инжиниринг және ғылымды қажетсінетін технологиялар кластерін және кампуста орналасқан басқа да объектілерді аралады. Форумның екінші күнінің пленарлық отырысын модератор – т.ғ.д., профессор, Мәскеу Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы ҒЗИ вице-президенті, академик Ө.А.Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану инс-

титутының бас директоры Амандық Төлешов ашты. Ол конференция 50 елдің ғалымдары мен инженерлерін біріктіретін IFToMM беделді халықаралық механизмдер мен машиналар ғылымын насихаттау федерациясының, халықаралық ірі ғылыми қауымдастықтың қолдауымен өтіп жатқанын атап өтті. Тәуелсіз Қазақстан IFToMM ұйымына 1991 жылдан бері мүше.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қатысушыларға құттықтау сөз сөйледі. Университет басшысы биыл халықаралық QS рейтингінде 163-орынға ие

болған зерттеу университетінің құрылғанына 90 жыл толатынын атап өтті. Робототехника саласын белсенді дамыта отырып, университет заманауи білім беру бағдарламаларын енгізіп, ғылыми-зерттеу зертханаларын құруда. Мерейтойға орай, ҚазҰУ құрамында 10 зертханасы бар Тұрақты даму және қоршаған ортаны басқару ғылыми орталығы ашылды. Химия және химиялық технология факультетінде тоғыз зертханасы бар заманауи Farabi Chem Science кластері құрылды.

Жалғасы 2-бетте

Ректор ҰҒА отырысына қатысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен оқу ордасының ғалымдары ҚР Ұлттық ғылым академиясына сайланған академиктерді ғылыми қоғамдастыққа ресми таныстыру шарасына қатысты.

Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки, ҚР ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаев,

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, 42 ЖОО ректоры мен 40 ҒЗИ басшылары, 50-ден астам жас ғалымдар жиналды.


ҚР Президентінің жанындағы ҚР ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаев құттықтау сөзінде Қазақстан ғылымы саласындағы жүйелі реформалардың маңыздылығын және ғалымдардың салмақты дауысқа ие болатын жаңа басқару механизмін құру қажеттілігін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте



2-бет

Қытай компаниясымен келісім



3-бет

**Чжан ЛИЦЮНЬ:
Планируем реализовать масштабные совместные проекты**



5-бет

**Өтеғали ШЕДЕНОВ:
Асқақ даңқын сақтай білген университетім**



Заманауи ғылымның трендтері талқыланды

Соңы. Басы 1-бетте

Жыл соңына дейін халықаралық және отандық жетекші технологиялық компаниялар орналасатын ҚазҰУ хабын ашу жоспарлануда. Өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы инженерлік құзыреттілік орталығы жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар Орталық Азияда теңдесі жоқ суперкомпьютер жеткізіледі деп күтілуде. Университет «Механика», «Автоматтандыру жүйелері және басқару құралдары», «Роботтар жүйелері» және т.б. бағыттар бойынша мамандарды даярлауда.

«Конференцияға АҚШ, Жапония, Қытай, Үндістан, Тайвань, Италия, Польша, Германия, Түркия және ТМД елдерінің ғалымдары қатысуда, – деді ректор. – Бұл университетте интеллектуалды және роботтық жүйелерді одан әрі дамытуға және бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге үлкен мүмкіндіктер ашады».

Экономика ғылымының докторы, профессор, академик, Тұран университетінің ректоры, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшанов қатысушыларды конференцияның ашылуымен



және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейтойымен құттықтады. Ол сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының президенті, академик Бақытжан Жұмағұловтың құттықтау хатын оқыды.

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын жеткізді. «Asian Mechanisms and Machine Science конференциясын өткізу ел өміріндегі маңызды ғылыми оқиға болып табылады. Қазақстанда механизмдер мен

машиналар және робототехника ғылымының дамуына елеулі үлес қосатыны сөзсіз. Біздің ғалымдарымыз бен шетелдік әріптестеріміздің машина жасауды және экономиканың аралас салаларын дамытудың практикалық үлесіне ықпал ететін болады», – деп атап өткен ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек конференция қатысушыларына ғылыми-зерттеу қызметі мен жұмысына табыс тіледі.

Пленарлық отырыста Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, IFToMM президенті Андрес Кечкемети, Asian MMS-2024 ғылыми комитетінің тең төрағасы, FToMM құрметті президенті Марко Чеккарелли және басқалар сөз сөйледі.

Конференция жұмысы «Механизмдер мен машиналар теориясындағы тарих және білім», «Механизмдер мен машиналарды жобалау», «Биомеханика және медициналық робототехника» атты секциялық отырыстар аясында жалғасты.

Света ӨМІРФАЛИЕВА



Ректор ҰҒА отырысына қатысты

Соңы. Басы 1-бетте

Ол Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясын құру және оған мемлекеттік мәртебе беру осы жаңа жүйенің негізгі элементі екендігіне баса назар аударды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз бейнеүндеуінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 маусымдағы Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе беру арқылы оның рөлін арттыру туралы тапсырмасын еске салды. Ол бұл тапсырманы іске асыру кезеңдерін, соның ішінде «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құруды және академияға Президент жанындағы ерекше

мәртебе берілгенін атап өтті. Министр сондай-ақ жақында ғана қол қойылған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңының ғылым саласындағы соңғы уақыттағы басты жаңалықтардың бірі екенін жеткізді.

Жаңадан сайланған академиктерге дипломдар мен төсбелгілерді ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Жұмақанұлы Ахмед-Заки ресми түрде табыс етті. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымы, профессор Тілекқабыл Рамазанов та бар. Ол «Жер, ғарыш және коммуникациялар туралы» ғылымдар бөлімшесі бойынша ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі атанды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Binlin Electronic Technology компаниясының өкілдерімен кездесу өткізді.

Делегация құрамында компания бас директорының көмекшісі Хан Дан, Мемлекеттік хатшының көмекшісі Чэнь Чжиюнь, техникалық инженер Лэй Кан, Сиань Цзяотун университетінің профессоры София Уширова бар.

Келіссөз барысында тараптар ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен серіктестік мәселелерін талқылады. Сонымен қатар екіжақты келісімге қол қойды.


Келісім аясында екі елдің ғалымдары тағылымдамадан өтіп, тәжірибе жинақтайды. IT, ғарыштық технология, энергетика саласында бірлесіп жұмыс істеп, ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асырады.

Қытай компаниясымен келісім

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарды университет жетістіктерімен таныстырып, қытайлық жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыстардың жүйелі жолға қойылғанын атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылымға ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде университет ғалымдары өзирлеген инновациялық жоба жетерлік. Қазіргі таңда ғылыми жобаларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. ҚазҰУ қалашығында Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, Huawei және т.б. жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары, институттары мен академиялары орналасқан», – деді ректор.

Өз кезегінде Binlin Electron-



ic Technology компаниясы бас директорының көмекшісі Хан Дан компания қызметімен таныстырып, дайындайтын өнімдер туралы ақпарат берді.

«Компания 2014 жылы құрылған. Біздің мақсат – технология тұрғысынан халықтың сұранысын қамтамасыз ету. Жаңа ғылыми жобаларды жү-

зеге асырып қана қоймай, энергетика және сандық технологияны жетілдіру. 2018 жылдан бастап Қытай ЖОО-ларымен тығыз жұмыс істеуге кірістік. Соның нәтижесінде үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Алдағы уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен IT, энергетика, ғарыштық технология бағыты бойынша сенімді серіктес болып, ауқымды жетістікке жететінімізге сенімдімін», – деді Хан Дан.

Кездесу соңында тараптар қолжеткізілген келісім аясында жүйелі жұмыс істеуге уағдаласты. Сондай-ақ болашақта ҚазҰУ мен Binlin Electronic Technology компаниясы бірлесіп ғылыми орталық құруға келісті.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби с рабочим визитом посетила и встретилась с коллективом вуза делегация во главе с президентом Сианьского университета Цзяотун Чжан Лицюном. На встрече присутствовали проректоры, руководители департаментов и структурных подразделений, деканы факультетов, ученые, профессорско-преподавательский состав.

Мероприятие открыл Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев, который отметил, что сотрудничество между двумя университетами развивается высокими темпами. «Партнерство КазНУ и Сианьского университета Цзяотун укрепляется в духе взаимного уважения и поддержки. В Астане мы провели международный симпо-

во с Казахским Национальным университетом имени Аль-Фараби давно продолжается и уже имеет определенную историю. Среди успешных проектов, реализованных между двумя нашими университетами могу назвать – это по правовым дисциплинам, по химии, а по СМИ и издательства у нас есть открытая платформа, теперь мы можем издавать совместные книги. Сегодня посетил несколько объектов



Чжан ЛИЦЮНЬ, президент Сианьского университета Цзяотун:

Планируем реализовывать масштабные совместные проекты

зиум университетов ШОС на высоком уровне. В ходе мероприятия совместно двумя высшими учебными заведениями была издана книга «Международное сотрудничество стран-участниц ШОС в сфере высшего образования». Такой проект реализуется впервые. Мы намерены и дальше развивать партнерство с университетом Цзяотун. Для этого у двух вузов есть большие возможности», – сказал ректор. В свою очередь президент Сианьского университета Цзяотун Чжан Лицюнь поблагодарил руководство и коллектив КазНУ за оказанное внимание и высоко оценил результаты тесных отношений между двумя вузами. Также он отметил, что укрепляется роль КазНУ на международной арене. По словам почетного гостя, два университета должны развивать многостороннее сотрудничество в области науки и высшего образования. За тем состоялась лидерская лекция президента Сианьского университета Цзяотун Чжана Лицюна.

– В эти дни, как вы знаете, в Астане проходило очень важное политическое мероприятие – саммит глав стран-участниц Шанхайской организации сотрудничества. Саммит очень важен для региона стран ШОС, он означает политическую безопасность, стабильность и развития региона в целом. В первую очередь это связано с отношениями Казахстана и Китая, и их дальнейшее развитие, в основном в сфере образования и гуманитарного сотрудничества. За время саммита мы пообщались с представителями администрации Президента Казахстана, с министрами, а также с ректорами и преподавателями казахстанских вузов.

Во всем мира люди все одинаковые, все мы хотим мира и дружбы. Наше сотрудниче-

вашего университета и для себя сделал выводы, что вы являетесь хорошим новаторским, передовым исследовательским университетом, то есть не только образование дает, но и занимается наукой. Образование, оно касается в первую очередь молодого поколения, а наука продвигает вперед новые технологии, новые достижения, которые будут способствовать прогрессу. Я думаю, что сила университета, вузов в том, что мы можем многое в стране, мире изменить, с какой стороны не возьми мы в этом направлении несем ответственность. У нас получается ведущая роль. Я от себя лично хочу поблагодарить вашего ректора и его команду, весь коллектив Казахского Национального университета имени Аль-Фараби за то, что вы нам предоставили сегодня такую возможность. Спасибо вам большое!

Уверен, что в самое ближайшее время у нас будут новые совместные проекты по искусственному интеллекту, цифровому образованию и по зеленой энергетике. Некото-

рые из вас еще не были в нашем Сианьском университете Цзяотун, поэтому коротко хочу рассказать вам о нашем учебном заведении. Наш университет тоже имеет давнюю историю, раз речь идет об этом, хочу поздравить ваш университет с 90-летним юбилеем. Сианьский университет Цзяотун – старейшее высшее учебное заведение в Китае. В следующем году университету исполняется 130 лет. Мы один из самых древних университетов Китая. В настоящее время в вузе обучается более 59 тысяч студентов. Из них более 31 тысяч магистрантов, более 10 тысяч докторантов. Сегодня Сианьский университет Цзяотун добивается больших успехов в области искусственного интеллекта, зеленой энергетике, цифровой программе, ядерной физики и гуманитарных наук. А по результатам международного рейтинга мы занимаем первое место в мире в области машиностроения, по 19 специальностям входит в мировую десятку.

Мы сотрудничаем с представителями разных компаний,

таким образом мы сделали связку между университетом и производством, то есть связь с компаниями и предприятиями. Теперь получается у наших магистрантов двойное научное руководство – один научный руководитель от вуза, а другой научный руководитель назначается от компании или от производителя. Это делается для того, чтобы наши научные технологии выработались в связке, чтобы они локализовались, мы еще в эту программу включили многих банков и различных фондов, чтобы они эти проекты финансировали. Люди образования, науки обычно не коммерсанты, поэтому они многие вещи не могут протолкнуть на рынок, в связи с этим мы сделали 60 человек из ППС коммерческими менеджерами. Поэтому наша модель инновационного хаба вызвала уважения и заинтересованность со стороны высшего руководства страны.

Только что ваш ректор сказал, что одним из будущих проектов КазНУ будет инновационно-научный образовательный хаb. В нашем универ-

ситете мы уже создали такой инновационных хаb. Особенность этого хаба в том, что мы сюда пригласили ведущие компании Китая, чтобы они локализовались там. Это уже дает свои результаты. Сегодня я увидел у вас в университете много хороших проектов, которые уже работают, я думаю, что учитывая наш рынок мы могли бы вместе хорошо сотрудничать. Мы можем с вами многими поделиться, в этом плане уже наработки есть. В будущем КазНУ имени Аль-Фараби и Сианьский университет Цзяотун по-прежнему должны реализовывать масштабные проекты, в том числе укреплять научные связи и налаживать работу по созданию совместного хаба.

Здесь я хочу немного подвести итог. Политическая обстановка в мире сейчас очень сложная. Да, нельзя отрицать, что всегда были политические, экономические кризисы, они и сейчас есть. Все хотят, чтобы их не было. В целом, простой народ, обычный человек всегда стремится к счастью, к добру, к лучшей жизни. И здесь нужна наука, новые технологии, которые продвигает экономику вперед к светлому будущему. Поэтому думаю, что в партнерстве с Казахским Национальным университетом в этом направлении мы сможем сделать многое. Нам нужно вместе приложить все усилия, чтобы решать всечеловеческие и мировые проблемы. Мы с ректором КазНУ об этих задачах всесторонне договорились, уверены, что министры образования двух стран, Казахстана и Китая тоже поддержат нас. Думаю, что в будущем мы часто будем ездить друг другу и будем работать как одна команда.

Также мне не терпится анонсировать одну добрую весть. Вчера на нашем симпозиуме, посвященном международному сотрудничеству в сфере высшего образования, по согласованию нашего университета и с министерством Высшего образования Китая мы официально присвоили вашему ректору г-ну Жансеиту Туймебаеву звание «Почетного профессора Сианьского университета Цзяотун». Этот жест не только символизирует наши лично с ним отношения, но и наших двух вузов, а также теплые отношения наших двух государств в целом. Я хочу поблагодарить каждого из присутствующих здесь и пригласить всех вас в Сианьский университет Цзяотун, приезжайте к нам почаще, чтобы читать лекции и проводить занятия.

В ходе встречи Жансеит Туймебаев решением Ученого совета присвоил президенту Сианьского университета Цзяотун Чжан Лицюнь звание «Почетный профессор КазНУ».

После мероприятия члены делегации посетили научные лаборатории и центры вуза, ознакомились с научной инфраструктурой КазНУ. Кроме того, они посетили филиал Северо-западного политехнического университета Китая, функционирующий на базе вуза, и остались довольны результатами работы.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстанның қауіпсіз, тұрақты және орнықты дамуының құқықтық негізі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шара ҚР Конституциясы күніне және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына арналды.

Конституциялық құқық мәселелері қаралды



Конференцияның мақсаты – әділетті Қазақстанның құрылысы бойынша стратегиялық идеяларды, конституциялық нормаларды, құқықтық практиканы саяси-құқықтық талдау. Конференцияға ҚР Конституциялық сотының судьялары, ҚР мемлекеттік органдарының өкілдері, Қазақстанның жетекші ғалымдары, азаматтық қоғам өкілдері, оқытушылар, докторанттар, магистранттар және БАҚ өкілдері қатысты.

ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасының орынбасары, бірінші проректор м.а. Еркін Дүйсенов құттықтау сөз сөйледі. Университеттің соңғы уақытта қол жеткізген биік белестерін атап өтіп, ел Конституциясын қабылдау күнінің маңыздылығын

дайындауға ұзақ уақыт Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жұмыс істеген Қазақстанның белгілі заңгер-ғалымдары белсенді қатысты. Олар: академик Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Ғайрат Сапарғалиев, Мұрат Баймаханов.

Конференция барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Директорлар кеңесінің төрағасы, заңғылымының докторы, профессор Қайрат Мәми, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы, заң ғылымының докторы Игорь Роговтың және т.б. құттықтау хаттары оқылды. Іс-шара барысында заңгер ғалымдар баяндама жасап, әділ Қазақстанның құрылысы бойынша стратегиялық идеяларды,



ғына тоқталды. «Конституцияның қабылданған күні Қазақстанның барлық азаматтары үшін үлкен саяси маңызға ие. Бұл мемлекеттік мереке», – деді Е.Дүйсенов. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев: «Қазақстан Конституциясы әлемдік озық тәжірибені, сондай-ақ тарихи және ұлттық дәстүрлерді біріктіре отырып, халық бірлігі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігінің берік іргетасы болып табылады», – деп атап көрсеткен. ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда өткен бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Қолданыстағы Конституция-

конституциялық нормаларды, құқықтық практиканы талқылады. Сондай-ақ заңгерлер Мемлекет басшысының бастамасымен бүкіл қоғам мен барлық мемлекеттік органдарға әсер еткен ауқымды конституциялық реформа жүргізілгенін атап өтті. Конституциялық сот, адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (омбудсменнің) конституциялық мәртебесі нығайтылды, тәуелсіз сот жүйесінің негіздері құрылды. Жалпы, реформа заң шығару процесіне оң әсерін тигізді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Қауіпсіз орта құру маңызды

Қазіргі қарқынды және динамикалық әлемде адамдардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету басты мәселе. Соңғы уақытта жиі орын алып жатқан жазатайым оқиғалар мен төтенше жағдайлар өмір қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруға күш салудың өзекті қажеттілігін айқындап берді. Тіршілік қауіпсіздігінің мәдениеті адамдарды зияннан қорғайтын және тәуекелдерді азайтатын қауіпсіз ортаны құру үшін маңызды.

Өмір қауіпсіздігіне басымдық беретін ұжымдық мәдениетті дамыту арқылы кәсіпорындар, қауымдастықтар және жеке адамдар төтенше жағдайлар мен апаттар алдында жалпы төзімділігі мен дайындығын арттыра алады. Өмір қауіпсіздігі мәдениетін жақсарту үшін әртүрлі стратегиялар мен үздік тәжірибелерді қарастырған абзал. Тіршілік қауіпсіздігі мәдениетін арттырудың негізгі тіректерінің бірі – хабардарлық пен білімді насихаттау. Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және апатқа дайындық сияқты тақырыптар бойынша оқу сабақтарын, семинарларды және білім беру ресурстарын ұсына отырып, ұйымдар дағдарыс уақытында тиімді әрекет ету үшін қажетті білім мен дағдыларды үйретеді. Сонымен қатар тұрақты жаттығуларды өткізу қауіпсіздікті күшейтуге және қызметкерлердің төтенше жағдайларға дайын болуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Тіршілік қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастырудың тағы бір маңызды аспектісі – қауіпсіздік саласындағы процедураларды өзірлеу және енгізу. Жауапты ұйымдар төтенше жағдайларға әрекет ету және азық-түлік қабілетін арттыруға болады. Тіршілік қауіпсіздігі мәдениетін арттыру – үздіксіз жетілдіруді талап ететін үздіксіз процесс. Өмір қауіпсіздігі мәдениетін арттыру адамдарды зияндардан, апаттардан қорғайтын және тәуекелдерді барынша азайтатын қауіпсіз және тұрақты ортаны құру үшін маңызды.



Құтқарушылардың оқу жұмысының мақсаты – қоғамды олардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру және тәрбиелеу сезімін көтеру тіпті өмір үшін қауіпті болатын қандай қиындықтар болса да, берілген тапсырманы орындауға дайын болу. Адамдар қауіпте әртүрлі әрекет етеді, бірақ бір нәрсе белгілі: жақсы үйретілген, білімді, моральды және психологиялық дайындалған адам тезімді, сенімді және батыл әрекет етеді.

Төтенше жағдайларда кадр қызметкерлерінің психологиялық дайындығы болу қажет. Төтенше жағдай, апат төңірегінде қалыпты хал-ахуал, оның басты көрсеткіші бүлдіру процесінің жиілігі болып табылады. Бұл процестерді қалпына келтіру үшін қосымша күш пен қаражатты тарту және айрықша шешім қабылдауды талап етеді.

Төтенше жағдайларды жою кезінде техногендік, табиғи және психологиялық факторлардың адамға зиянды әсер етуі нәтижесінде денсаулығының бұзылуына: жаралану (контузия, жарақат алу, мертігу), радиациялық, химиялық және бактериологиялық зақымдану; асқынған соматикалық және жұқпалы аурулар, созылмалы аурулардың асқынуы, психоэмоционалдық және психосоматикалық бұзылулар жатады. Төтенше жағдай кезінде денсаулыққа зиянды әсерлерден де маңыздысы – оның психикасы мен санасының жарақаты. Оның көлемі, әсері неғұрлым көріністі болса, ол көрініс адамның жанында ұзақ уақыт өмір сүреді. Бірақ жаратылысына қарай төтенше жағдайға тап болған барлық адамдардың қабылдау психикасы

бірдей болмайды. Біреулер тез өзінің ішкі өмірлік ресурстарын жинақтап, оған шешім қабылдауға дайын болса, басқаларының жұмыс қабілеті төмендеп немесе жойылып, денсаулығы нашарлап, физиологиялық және психологиялық жағынан төмендеу құбылысы пайда болады.

Адам табиғаттағы, өндірістегі, көлік апаттарының төтенше жағдайдың басықасында болғанда оқиғаны әртүрлі бағалайды. Бірер адамнан шыққан үрейлену көпшілікке берілсе, онда жаппай үрей туындауы мүмкін. Қорқыныш сезімін білмеген адамдар жағдайды шынайы бағалай алмайды немесе асыра сілтеуге бейім тұрады. Олар өз сезіміне бой ұрып, жауапкершілікті жоғалтады. Бұндайда теріс түсінушілік, бұрмалаушылық әңгімелер көп болады. Сондықтан адамдарды төтенше жағдайларға алдын ала дайындау маңызды жұмыс.

Құтқарушылардың оқу жұмысының мақсаты – қоғамды олардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру және тәрбиелеу сезімін көтеру тіпті өмір үшін қауіпті болатын қандай қиындықтар болса да, берілген тапсырманы орындауға дайын болу. Адамдар қауіпте әртүрлі әрекет етеді, бірақ бір нәрсе белгілі: жақсы үйретілген, білімді, моральды және психологиялық дайындалған адам тезімді, сенімді және батыл әрекет етеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (www.kaznu.kz) география және табиғатты пайдалану факультетінің Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасында «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы жоғарыда аталған мамандарды даярлайды. Атап өткен мәселелер бойынша үнемі ашық сабақтар, эдвайзерлік сағаттар өткізіліп, халықаралық, республикалық дәрежедегі дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырады.

Айгүл ҚОЖАХАН,
техника ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Япырай, Қазақ елінің тұңғыш университеті – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім мен ғылым ордасының құрылғанына да 90 жыл толып қалыпты. Ал мен осы университеттің түлегімін әрі оқу ордасынан бес-ақ жас кіші екенмін. Алла берген өмірдің арқасында Отанымыздың болашағына даярлайтын кадрлардың ірі ұстаханасына айналған қара шаңырақта менің де ғибратты ғұмырым жалғасып келеді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында дүние есігін ашып, күллі адамзат баласы тартқан ауыр қасірет-нәубеттен шет қалмаған біз, сол кездегі жаутаңқоз жастар, жамау көңілді ұрпақ, қалай дегенде де, өмірге аса құштар болып өскен едік. Содан да шығар, өнерімізді асырсақ, білімімізді толықтырсақ деп ұмтылдық. Қиын тірлікке өң беруге, шырай енгізуге талпындық. Қолымыздан келгенше халыққа пайда келтіруге, қайыр жасауға тырыстық және бұл сол кездегі барлық жасқа бірдей тән талпыныс еді.

тәтті десеңізші. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында Алматы халқы 266 мың болды, қаланың тау жағы қазіргі Құрманғазы (бұрынғы Артельерская), ал батыс жағы Байтұрсынов көшесі (Ұйғыр), төменгі жағы қазіргі Мақатаев (Пастер), шығыс жағы Татарская аумағына жалғасып көмкерілетін. Осы күні Алматыда 2 млн халық бар, қазақтардың саны 70 пайызға жетті, бұрын студенттер қауымын қосқанда 10-ақ пайыз болатын. Осы ару қаланың қақ төрінде мен оқыған және жұмыс істеп жүрген,



Өтеғали ШЕДЕНОВ, АКАДЕМИК, ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ

Асқақ даңқын сақтай білген университетім

Адам атаулының бір-біріне қызмет жасауы негізінде қоғамның рухани және материалдық байлық-дәулеті қалыптасады деп ұқтық. Әр адам «әлеуметтік ортаға, Отанға мен де керекпін, менің де қажыр-қайратыма мұқтаждық бар» деп ойлап, сол сенімнен өмірдің мәні табылатынын түсіндік.

Мәнсіз тірлік кешу бақытсыздық көіл. Үнемі жігерді жану және намысты шыңдау күрескерлік рухты кемелдендіреді екен де, көп жағдайда өткен өмірдің өкінішсіз болуы осыған байланысты екенін ұқтық.

...Азғыр ауыл мектебінде оқып жүргенде, бозбала дәуренде «жоғары оқу орнына барсақ, білімге қанықсақ» деген ғана арман-мақсат тұрды. Мектептегі ұстаздарымыз ұлағат жолын көрсетті. Сенімімізді нықтап, ғылым көкжиегін нұсқады. Олардың қамқорлығы арқасында өзімізді тереңдей танып, биіктерге қаймықпай ұмтылдық. Өте жақсы оқыдық, тәрбиелі болдық. Сол кезде жоғары сыныпта оқу-тәрбие комитетінің мүшесі және комсомол ұйымының хатшысы болдым. «Әлім келе ме, шамам жете ме?» деген балалық қорқыныш біртіндеп сейілді. Содан болар, бір жәшік кітабымды арқалап, Батыс Қазақстаннан Алматы қаласына төрт мың шақырым жерден он екі күнде бірнеше пойызға ауысып, ерең жеттік. Ойымыз – қазақша оқу. Ал бұл жердегі жоғары оқу орындарының барлығы сабақты орыс тілінде оқытады екен. Біздің тұрған жеріміз Ресеймен шекаралас (Мәскеу, Ленинград, Қазан, Астрахан, Саратов және т.б.). Мектеп бітірген достарымыз сол жаққа барып білім алады, әлі де солай.

Білім іздеп аңсап келген Алматы бізге бірден ұнады. Ауасы таза, көлік дегенің жоқтың қасы. Өсіп тұрған ағаш-дарак, көлеңкелі көшелер, төменге аққан таудың мөлдір суы... бәрі тамаша еді. Сол кездегі апорт алмасының салмағы 300 граммға дейін баратын, дәмі қандай

асыл да сүйікті білім мен ғылым ордасы – қазыналы қара шаңырақ университетім тұр. 1956 жылы осы университетте студенттік өмірім басталғаннан күні бүгінге дейінгі тіршілігім оқу ордасымен бірге жасап келе жатыр. Дана халқымыз «Уайым – ер қорғаны» дейді. Осы қасиетті оқу ордасында алған білімімді қайтсем де іске асыру, қоғамға пайда келтіру деген әу бастағы арманымнан бір тайғаным жоқ. Абай атамыз «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім» деп өкініш білдірсе, бұл, сірә, Алла дарытқан ерекше дарын-қабілетін ерте танып, ел игілігіне сарқа пайдалана алмағанына ашынғаннан кейінгі ұрпаққа айтылған өсиеті болар.

Сонымен 1956 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің сол кездегі экономика факультетіне оқуға түстім. Осы факультеттің ашылғанына да 75 жыл толды. Сол жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің даңқы асқақтап тұрған кез еді. Қазақстанның әр шалғайына жиылған өндірідей ұл-қыздармен тез тіл табысып, достасып, білім дариясына 120 адам (қазақша мектеп бітіргендер 30 ғана) қатар құлаш сермедік. Ұлықтан жоғары бағалайтын ұстаздарымызға деген құрмет, ілтипатымыз тіптен ерек-тің. Олардың жүріс-тұрысы, қабақ қағысы, жымысы, тіпті ишарат-емеурініне дейін астарлы сыр бүгіп тұрғандай таңдана көз салатынбыз. Доценттер мен докторлардың, профессор-академиктердің кәдімгі жұмыр басты пенде екеніне онша сене қоймайтынбыз. Олар бізге аспаннан түскен елшілердей тым асқақ, түү алыс көрінетін. Періштедей пәк көңілдің тұнығы лайланбаған балауса кезді, бал дәуренді

еске алғанда еріксіз ойландырар бір жайт – осы күнгі жастар бойында біз кешкен теңіз-сезім, біз аңсаған арман-махабат бар ма, жоқ па?

Осыншама жыл ішінде университеттің он шақты басшысының қызметін көз көрді. Мәселен, И.Лукьянец, Т.Тәжібаев, А.Закарин, Ө.Жолдасбеков, Ф.Мұтанов, Б.Жұмағұлов, Ж.Түймебаев сынды білікті ректорларды қалай мақтап, мерейін асырсаңыз да жарасымды. Осы тұста өзіміздің студенттік кезімдегі бір басшыны еске алғым келеді. Ол – университет ректоры, академик-биолог, профессор Т.Дарханбаев. Ол өзі Қостанай жерінде, ауылда өскен адам. Профессордың ішкі мәдениеті, кісілік келбеті тәнті ететін. Алдына барған әр студентті кішіпейілдікпен қарсы алып, жоғын түгендеп, барынша жағдайын жасап, риза қылып, жолға салып жіберетін. Ұстаздар мен шәкірттер қамы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, үнемі шаруа үстінде жүретін ол кісілер қара бастың қамын күйттеуге уақыт таппас та еді. Ол кездегі қоғамның қатал талабы да сондай болатын. Өзінен басқалардың, қауымының, ұжымның алдында жауапсыз, ешкімге есеп бермейтін, сайып келгенде, ешқандай жауапқа тартылмайтын бүгінгі кейбір басшылардың тірлігінен жеріп, түңілген сәтте ел мүддесінің жолында өмірін сарп еткен қайран ағалар мен апаларды еске аларың бар-ау.

Бізге дәріс оқып, тәлім үйреткен тамаша адамдар, экономист-профессорлар – И.Бровер, С.Нейштадт, М.Романов, И.Лукьянец, А.Граховодций, Т.Шаукенбаев, Ф.Жеребятъев, М.Бутин, С.Баншев, Г.Постенко, С.Голденгерш және т.б. ғалымдарды құрметпен еске түсіремін. Факультет деканда-

ры Ф.Жеребятъев, Ш.Надыров, Т.Шәукенбаев және басқалар туралы білікті басшылығы, ұйымдастырушылық қабілеті, адами болмыс-бітімі жайында тек жағымды пікір, жақсы лепес қана айтуға болады. «Ұстаздық өткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, шәкірт біткенді білімнің қайнар бұлағына кандырған мәртебелі ұстаздар алдында мәңгілік қарыздармыз. Сондай елеулі, еңселі тұлғалар еңбек еткен университетіміздің игі дәстүрі үзілмей, күні бүгінге дейін тек таңдаулылар ғана дәріс оқып келгеніне көңіл тоғайып, марқаяды екенсің.

1961 жылы экономика факультетінде староста, комсомол комитетінің белсенді мүшесі және оқуды өте жақсыға оқығаным үшін университет кеңесінің шешімімен бітірген бойда жалғыз өзімді Г.Плеханов атындағы Халық шаруашылық институтына аспирантураға оқуға жіберді. Бұл туған ұямыздай ыстық көретін қасиетті шаңырақтың маған жасаған тағы бір жақсылығы еді. Қазақстан намысын ту көтере ұстап, алыс қалаларға білім сапарына аттанған жүздеген қатарлас-замандастарымыз сияқты мен де қазақ ұлтына шіркеу түсірмей, көргендігімізбен танылып, Мәскеудегі оқуымды үздік тамамдадым. Ғылыми еңбегімді уақытында жазып, сәтті қорғап, белгілі ғылым дәрежесін алып қайттым. Институттың оқытушы-профессорларына арналған ғылыми-теориялық, әдістемелік семинарға староста бола жүріп, осы семинардың ғұлама ғылыми жетекшісі, академик М.В.Бреветтен мол тағылым-тәрбие түйдім.

Мәскеудегі оқуды аяқтағаннан кейін еңбек жолымды 1965 жылы (бұрынғы ҚазМУ-дың

экономика факультеті негізінде 1963 жылы құрылған) Алматы халық шаруашылық институтында бастадым. Ол да елу жылдай жұмыс істеп жабылды. Содан біздің университетте он бес жылдай экономикалық факультет болмады. Кейін филология және экономика факультеті болып құрылып, одан әрі қайтадан экономика факультетіне ауысты. Қазір Экономика және бизнес жоғары мектебі деп аталады. Жүрген жерімде қоғамдық жұмыстарға белсенді түрде араластым. Сірә, осындай жақсы қырларымен көзге түскен болуым керек, бір жылдан соң Алматы қалалық және облыстық партия комитеті жанынан құрылып жатқан Жоғары экономикалық мектепке шақырды. Бұл 1966 жыл еді. Әуелі екі жылдай мектептің деканы, кейін 1978 жылға дейін ректор міндетіне тағайындалдым. Оны да абыроймен атқардым деген ойдамын.

Содан кейін ғылым мен білімнің киелі отауында – Қазақ ССР Ғылым академиясы жүйесінде өндіргіш күштерді зерттеу бойынша кеңес төрағасының бірінші орынбасары, әлеуметтік-экономикалық мәселелер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеген кезімде де кадр-мамандарды даярлауға, экономика ғылымының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқанымды мақтаныш сезімімен айта аламын. Мысалы, қырықтан астам ғылым кандидатын, жеті докторды даярладым. Жалпы, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілім 60 жылдан асты. 500-ден астам ғылыми жұмыс жарияладым. Оның ішінде 70-тен аса монография, кітап пен оқулық, оқу құралдарын жеке-дара да, әріптестеріммен бірігіп те шығардым. Бұл еңбектер саяси экономия, жалпы экономикалық теория, макроэкономика, микроэкономика, теориялық экономика, экономика ілімдерінің тарихы және т.б. тақырыптарға арналды. Осы еңбектерде еліміздің әлеуметтік және жалпы экономикалық дамуының теориялық және практикалық мәселелері зерттелген. Оларды қазір білім алушы бакалавр, магистрант, докторанттардан бастап, ЖОО оқытушылары мен мемлекеттік қызметкерлер де қолдануда.

Көп жылдар бойы университеттің Жасаяс экономия, Экономика теориясы кафедраларының меңгерушісі болдым. Қазір профессорлық қызметпен айналысудамын. Атына лайық асқақ даңқын сақтай білген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың зор мәртебесі үшін қажымай-талмай қызмет етіп келемін. Бұл мен үшін мерейлі мәртебе. Әділетті Қазақстан елінің туын көтерген университетіміздің табысы мен жетістігі аз емес. Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің оң шешімін табуымен мәдениетіміз көркейіп, оқу-білім саласы да тың серпін ала түсуде. Бір кездері Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның – атасы». Осы ұлы қасиетті сөзден жас ұрпақтың бақытты, бақуатты болашағына деген сенім орнығып, ол сенім нығайған сайын алдыңғы буын өкілдері ретінде біздің де көңіліміз шуаққа бөленсе дегім келеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғалымдар мен инвесторлар және кәсіпкерлер бас қосты. «Химия өнеркәсібі бойынша технологияларды коммерцияландыру реакторы» тақырыбындағы диалог алаңына қатысушылар ғылыми жобаларды енгізу және инновацияларды коммерцияландыру мәселелерін талқылады.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен өткен іс-шараны ҚазҰУ мен Ғылым қоры бірлесіп ұйымдастырды.

Мақсат – бизнесмендерді университет ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалармен таныстыру, ғылым мен бизнесті біріктіру, ғылыми жобаларды нарыққа шығару, коммерцияландыру бағытындағы түйткілді мәселелерді қарастыру.

Ауқымды кездесуге ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің төрағасы Ғалымжан Жанқуатов, «Ғылым қоры» АҚ басқарма төрағасы Камиль Ақатов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов, Алматы, Атырау, Қарағанды және өзге де өңірлердегі университет ғалымдары, танымал бизнесмендер қатысты.

Жиында ҚазҰУ-дың проректоры Еркін Дүйсенов сөз сөйлеп, бүгінде ЖОО алдында ғылымды басқару сапасын жақсарту, университет ғылы-

ҒЫЛЫМДЫ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚОЗҒАЛДЫ



мын дамыту, ғылыми қызметкерлер санын көбейту міндеті тұрғанын айтты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңес отырысында: «Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру ерекше маңызға ие. Ол үшін ғылыми қоғамдастық пен бизнестің өзара іс-қимылының тиімді тетіктерін құру қажет», – деп атап өткен болатын. 2017 жылдан бастап ҚазҰУ-да жалпы сомасы 3 млрд 18 млн теңге болатын барлығы 15 коммерцияландыру жобасы ұтып алынды. Қазіргі таңда 7 жоба аяқталып, 8 жоба

сәтті жүзеге асырылуда», – деді проректор.

Өз кезегінде ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің төрағасы Ғалымжан Жанқуатов бүгінгі диалог алаңы перспективалық мәмілелер жасасуға және жобаларды коммерцияландыру жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Мемлекет ғылым мен бизнестің интеграциясын нығайту бойынша нақты міндеттер қойды. Қойылған міндеттерге, жобаларды коммерцияландыруды дамыту жөніндегі стратегиялық бағыттарға қол жеткізу үшін арнайы жоспар әзірленді. Ғылым комитеті өз тарапынан

коммерцияландыруды жетілдіру жөніндегі қолданыстағы тетіктерді пысықтауда. Сондай-ақ Ғылым қорына ғылымның бизнеспен ынтымақтастығын ұйымдастыру және бизнесті ғылыми әзірлемелерді іске асыруға тарту бойынша өкілеттіктер беріледі. Ғылым және технологиялық саясат туралы заңға қол қойылды. Ғылым қорына өкілеттіліктің берілуі бұл коммерцияландыру бағытын толық көлемде кеңейтуге мүмкіндік береді. Алдын ала жүргізілген осындай интеграциялық диалогтардың қорытындысы бойынша ұсынылған ғылыми

жобалардың жартысынан көбі бизнес серіктестер тапқанын атап өткен жөн», – деді Ғалымжан Жанқуатов.

«Ғылым қоры» АҚ басқарма төрағасы Камиль Ақатов жүргізілген жұмыстардың нәтижелерімен бөлісті.

«Ғылым қоры ҒЖБМ-мен бірлесіп пайда алып келетін ғылыми жобаларды нарыққа шығару мақсатында ғылым мен бизнес өкілдері кездесетін алаңдар, платформалар құруға мүмкіндік беретін технологияларды коммерцияландыру реакторларын жүргізуде. Осы орайда, зерттеу университеттері ерекше орын алады. Сондықтан бүгінгі іс-шараның Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтіп жатқаны бекер емес. Қазіргі уақытта осындай 10 іс-шара өткізілді. Нәтижесінде 378 жоба келіп түсті. Оның 101-і таныстырылды, 18 өтінім берілді және 14-і қаржыландыруға мақұлданды», – деп атап өтті Камиль Ақатов.

Іс-шара барысында ғалымдар инвесторларға ғылыми әзірлемелерін таныстырды. Атап айтқанда, көмірдің шаң төрізді фракциясын кешенді пайдалану, құрамында күкіртсутегі бар газдарды тазарту, мұзға қарсы заттар үшін натрий форматын алу, мал шаруашылығы қалдықтарынан кератин гидролизаттарын өндіру және өзге де инновациялық жобалар.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Қазіргі заманда көбіміз уақыт жетіспеушілігін ұйқы есебінен ұрлаймыз. Бұл өте жаман әдет, біздің денсаулығымызды бағаламайтынымыздың белгісі.

Ұйқы – ми қызметінің өнімі. Адам ұйқысыз ұзақ уақыт жүре алмайды.

Зигмунд Фрейд ұйқы туралы мынадай мәліметтерді келтіреді: «Ұйқы – бұл психикалық жағынан сыртқы әлемге қызығушылықтың жоғалуымен сипатталатын жағдай. Биологиялық мақсаты – демалыс. Ал түс – ұйқы кезіндегі психикалық өмір. Ұйқының төрт негізгі механизмі анықталған: қоюлану, жылжу, қайталама өңдеу және ой мен мәлімдемені көрнекті бейнелеу».

Ұйқы орталығы ең көне формация ретінде сопақша мида орналасқан. Ұйқының негізгі орталығы – ортаңғы мидың орталық сұр зат, құрамында серотонин нейрондары бар тігіс ядролары, олар аттас нейротрансмиттердің (серотонин) көмегімен мидағы қажет емес ақпарат ағындарын жояды. Содан кейін негізгі ингибиторлық таратқышы болып табылатын гамма-аминомай қышқылы арқылы нейрондарға әрекет етеді.

Торлы формация сезім мүшелерінен күн мен түннің өзгеруі туралы ақпаратты жинайды және оны гипоталамуска жібереді, мидың 24 сағаттық ұйқы-ояну циклдарының қа-

ҰЙҚЫ ТҮЗЕЛГЕНДЕ САУЫҒУҒА МҮМКІНДІК ҰЛҒАЯДЫ

лыптасуына жауапты бөлігі болады.


Парасимпатикалық жүйке жүйесі, керісінше, ұйқы, демалу және демалу кезінде дененің қуат қорын жинақтап, қалпына келтіруін қамтамасыз етуге жауапты.

Гиппокамп, медиальды уақытша жарты шарларда орналасқан жұпталған құрылым түстерді өндіретін орталық болып саналады.

Мелатонин – мидың қараңғыда шығаратын ұйқы гормоны. Ол эпифиз /бүршікті без/ арқылы өндіріледі, ұйқы орталығын белсендіреді және ми қыртысының жұмысын тежейді.

Ұйқының сипаттамалары: ұйықтап кету, фазалық өзгерістер, ұйқының ұзақтығы, ұйқының сапасы/қатты ұйқыға кету, жиі ояну, түс көру, уақытында тынығып ояну. Түнгі ұйқы 4-5 циклдан тұрады, олардың әрқайсысы баяу ұйқыдан басталады, жылдам ұйқыдан аяқталады.

Ұйқыны екі негізгі фазаға бөлу әдеттегідей баяу және жылдам ұйқы. Ересек адамның баяу ұйқы фазасының ұзақтығы 1,5-2 сағатты құрайды. Осыдан кейін 5-10 минутқа созылатын REM ұйқы кезеңі басталады. Түнде 4-5 цикл өзгереді. Адам оянуға жақын бол-



ған сайын, баяу ұйқы фазасы қысқарады және жылдам ұйқы фазасы ұзарады. Сонымен, терең ұйқы адам ұйқысының ең маңызды кезеңі болып табылады. Бұл дельта ұйқысы бізді жағымды сезінуге, ауырмауға, жақсы көрінуге және бизнес пен спортта тиімді болуға мүмкіндік береді. REM ұйқы фазасы ұйқыға кеткеннен кейін бір сағат немесе бір жарым сағаттан соң пайда болады.

Ұйқының төртінші кезеңі түс болуымен ерекшеленеді. Дәл осы кезеңде біздің миымыз өте белсенді, біз жарқын түс көреміз және терең ұйқытаймыз. Бұл фаза көздің жылдам қозғалысы немесе REM арқасында оңай танылады. Әрбір цикл баяу ұйқының 4 фазасынан және 1 жылдам ұйқыдан тұрады. Бірінші кезең – 10% ұйқы, екіншісі – 50%,

үшінші – 25% және қалған 15% – REM ұйқысы. Түспен бірге жүретін бөлік түнде екі сағаттан аспайды. Кешкі сағат 23:00-ден кешкіпей жату аса маңызды, ал ұйқы 8-9 сағатқа созылуы керек. Ұйқы түнгі сағат 12-ден таңғы 5-ке дейінгі аралықты қамтуы керек. Дәл осы уақытта ұзақ өмір сүру гормоны мелатониннің максималды мөлшері өндіріледі.

Ұйқының циркадтық фазасы кезінде адамның миында, ағзасында түрлі биохимиялық процестер өтеді. Алдымен ұйқыға кеткен адамның қимыл функциясы әжептәуір төмендеп, бәсеңдейді. Ол адамның ұйқы кезінде аунауына, қол-аяғын жиыруына байланысты ғана сақталады. Сезу мүшелері жұмысын әлсіз жалғастырады, сөйтіп, біз шыбынның шағуын, қатты дыбысты, денені түрткенді сеземіз. Аурудың салдарынан қиналатын жағдайлар ұйқы кезінде сезіледі, алайда ол түс сюжетіне қосылады. Сөйтіп, бізде жүрек қысса, оны түсімізде бірдеңеге оралып қалғандай, болмаса тар жерде қысылғандай сезіледі, ал шөлдесек судың немесе сарқыма қасында жүргендей көрініс беруі мүмкін. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, ми ұйқы кезінде ағ-

заның бүкіл функциясын сынақтан өткізеді. Ми адамның күндіз шұғылданған ісі, оқиғалар туралы мәліметті реттеп, оларды арнайы жады төңірегіне дұрыс орнатумен айналасады. Сол сәтте адам түс көреді. Түсімізде ми болған, болмаған, жалған, қинайтын болмаса қиялды суреттеп өткізеді.

Сондықтан біздің түсімізде ерекше эмоциялық реакциямен өткен оқиғалардың бөлшегі, қорқыныш немесе қуантқан жағдайдың әсерімен және күндіз көрген қоршаған орта суреттері арқылы жазап тұтас сюжетті көріністерге толы болады. Адамзат түс көру процесін әлі де зерттеуде.

Ұйқы бұзылысы көп дерттің алғашқы белгісі саналады, бұл медицинада дәлелденген. Ұйқы түзелгенде сауығуға да мүмкіндік ұлғаяды. Ұйқысы түзу адам өмірде белсенді, жады, эмоциясы, білім жинау ми функциялары да дұрыс жұмыс істейді.

Ұйқының физиологиялық нормалары жасқа қарай өзгеріп отырады: 1 жасар бала 16-18 сағат, 7-10 жастағы бала 10,5 сағат, 14-16 жастағы жасөспірім 8,5-9 сағат, ересектер 9-10 сағат, көрілікте жиірек 4-5 сағат болуы мүмкін. Сондықтан ұйқы мерзіміне жеңіл-желпі қарамау керек, оның маңызы жүрек қағысының маңызынан аспаса, төмен емес.

Қайыныш БАЙМАҒАНБЕТОВА,
медицина факультетінің денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру бөлімінің оқытушысы

Көркем әдебиет – жастар көзімен

Қазіргі қоғамда кітап оқу мәдениеті, оны талдау үрдісі мен талғам таразысы жан-жақты қалыптасып, дамып келе жатқаны қуантады. Көркем әдебиет те үнемі дамып, қоғам сұранысын қанағаттандырып, оны алға сүйреп отыратын ғаламат құбылыс. Ол үнемі жаңарып, дамып, жетіліп отыратыны да ақиқат.

Бүгінгі оқырманның талғамы, оның ішінде жаңа заман жастарының интеллектілік сезімі мен зерделі парасаты, шығарманы жаңа қырынан тану мүмкіндігі, көркем мәтінді түсіну, түйсіну және талдау қабілеті де айрықша. Олардың қаламгерлердің өзгеге ұқсамайтын суреткерлік әдісі мен көркемдік құпиясының астарын аңғарып, оны оқырманға жеткізуде рухани көпір міндетін



адал һәм шынайы атқарып, өзіндік ой айтып, тұшымды тұжырым жасай алатыны қуантады. Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», – деген пікірі де барша-мызға ой салуы тиіс.

Осы орайда, филология факультетінде білім алып жатқан, болашағынан үміт күттіретін жас әдебиетшілердің

шығарманы талдауы, ондағы жазушы мұратының, қолданған көркемдік әдіс-тәсілдері мен тіл құнарлылығының сонылығын дөп басып, кейіпкерлерінің ешкімге ұқсамайтын өзгеше әлемін, қаламгерлердің суреткерлік шеберлігін жіті аңғарып, оған өздерінің ой-пікірін білдіруі құптарлық іс.

Шоқан АМАНГЕЛДІҰЛЫ,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы

Қазақтың «Талтүсі»

Ғаламат жазушы Таласбек Әсемқұловтың шығармашылығына деген қызығушылығымызды оятқан автордың «Бекторының қазынасы» атты хикаяты болатын.

Бала кезімізден жадымызда жатталып қалған ертегі кейіпкері, зұлым әрі жауыз Бекторы – жазушы пайымында адамзат жүрегінің «сақшысы». Қоғамда қалыптасқан қасаң қағидаттарды жарып өтіп, төл әдебиетімізде тыңнан түрен салған таңғажайып білім мен эрудицияның иесі Таласбек Әсемқұловтың шығармашылық теңізіне тереңдей сүңгуіміз де осыдан басталған.

Ал келесі кезекте жанымызды жаздай жадыратқан туынды «Талтүс» романы болды. Роман көнекөз қарияның мағыналы әңгімесін тыңдап отырғандай ерекше әсер сыйлайды. Біріншіден, бұған автордың көркем, шұрайлы тілі ықпал етсе керек. «Мағыналы кымыған», «мейірлене қарады», «жансебіл адам» сынды қазақы болмысқа ғана тән, қазақтың өзі ғана жан дүниесімен түсіне алатын тіркестер. «Келтек», «ермен», «күйірмекіл» сияқты кейбір ұмытылып, көнеріп бара жатқан сөздер шығарманың шырайын аша түскендей. Екіншіден, романдағы ұлттық өнер, музыка, салт-дәстүрдің қазақы табиғаттан, далалық өр мінезден нәр алып, ерекше көрініс алуы шығарманы тіптен биікке самғатқандай. Осыған байланысты туынды-



дағы мына жайттарға назар аударғанымыз абзал:

1. Ең әуелі, қазақтың күйшілік өнері.

«Күй» сөзінің өзі де бірнеше мағынада қолданылатыны белгілі. Адамның халін, жағдайын жеткізгенде де осы «күй» сөзін қолданамыз. Ал қазақтың күй өнері адам жанының түрлі пернелерін дөп басып, ішкі сырын сыртқа ақтарудың ерекше жолы іспетті. Шығармадағы Кет Бұға, Байжігіт, Тәттімбет сынды дәулескер күйшілер, олардың жолын жалғаған Сабыт қария – осы өнердің хас шеберлері. Мұндағы күй қазір біздің түсінігіміздегі күйден бөлек. Өйткені бұрынғының қазағы аса ұққыш, зерек болғаны соншалық – домбыраның дүрлігі сөйлеп, күйдің күмбірлеп төгіліп тұрғанын айтқызбай түсіне білген. Осы ретте «Ал бүгінгің қазағы күйді ұғып жүр ме?» деген сауал туындайды.

2. Ата мен бала, ұстаз бен шәкірт.

Шығарма соңында бас кейіпкер Әжігерей – Сабыт қарияның баласы емес, жиені екені белгілі болады. Баланың талабы мен талантын көрген қария оны өз тәрбиесіне алмағанда, не болар еді? Мұнда халқымыздың «Бұлақ көрсең, көзін аш» дейтін тәлімі мен баланы ата-әженің бауырына беретін үлкен тәрбиенің де ізі жатыр. Тіпті заманында күйшілер, ұста-шеберлер артында шәкірт қалмаса, өкінішпен налитын көрінеді. Шәкірт тәрбиелеудің ұлы іс екенін де осыдан аңғарамыз.

3. Өнердің биіктігі.

«Өнеріңді саудаға сал, бірақ өнермен саудаласпа. Өнермен саудалассаң, өнердің көріне ұшырайсың, киесі соғады. Міне, мен бүгін күйді қайырдым. Ендігі күй – сенікі», – деп Сабыт қария Әжігереймен бақұлдасқан еді. Ал қарияның «Өнер алды – адам болу» деген сөзі шығарманың келелі түйініндей. Расында, мың құбылған заманда адам болып қалу – үлкен өнер.

Қорыта келе, «Талтүс» – екі бірдей дүниежүзілік соғысты да, аштықты да, қуғын-сүргінді де көрген киіз туырлықты қазақтың жанын емдейтін туынды демекпіз. Қазіргідей дидары өзгерген дүниеде жұтылмау үшін де, ұлттық болмысымыз бен өнерден сусындау үшін де «Талтүс» қазаққа әмәнда керек.

Айназ ЕСЕКЕШ

Әлихан Жақсылықтың сиясы кеппеген «Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе?» романы көпшілікке тез танылып, өзінің лайықты бағасын алып үлгерді. Роман хақында бірер сөз.

жасап тұрғандай. Осындай азғындалған қоғамнан шығуға үміт бар екенін байқатады. Яғни жақсылыққа сену, болашаққа үміт ету. Ал, бір жағынан, керісінше, оқиғаны одан әрі шиеленістіріп, жақсылық зұлымдықтан құтыла алмайтынын, көптің қорқытып, тереңнің батыратынын көрсетіп тұрған-

Көпшілікке тез танылған роман



Роман атауы. Мазмұн мен пішін. Роман атауының өзі тақырып секілді қойыла салмаған, тың. Атау жағынан әлем әдебиетін еске салады. Тақырып шақырып тұрады. Бұл шығарма роман аталса да, бұрыннан біз оқыған роман көлемінен әлдеқайда кіші. А.П.Чеховтың «Краткость – сестра таланта» дегенін ескерсек, автордың шығарманың көтерген жүгіне қарай роман атауы да орынды деп ойлаймыз.

Кейіпкер есімі. Романның басты кейіпкері – Карл. Кейіпкерлердің аты да қазақша емес: Карл, Энтони, Берия, Лили, Джо, Рафаель. Әлем әдебиетінен аударылғандай өзіндік ерекшелігі бар. Романдағы кітап атаулары, оқиға орын алған жер де, кейіпкерлер де әлемнің басқа бір бұрышындағы өмірді елестетеді. Бірақ жазушы қазіргі қазақ қоғамын алдына қойғанда еріксіз таңғаласың.

Роман сюжеті мынадай: басты кейіпкер Карл жалған айыппен жындыханаға жабылады. Сол жақта өзі секілді ақыл-есі дұрыс Рафаельді көреді. Ерек білімді, дүниетанымы басқа адамды қоғам өзімен қосып жүре алмайды. Осы секілді оқиғалардан қазақ қоғамының бейнесі ашылады. Қоғам емес, тобыр дерсің. Ең ақырында жақын досы Энтони, сүйіктісі Лили, анасы да оның жынды екеніне сенеді. Кейін Карлдың өзі де «мүмкін, расымен жындымын ба?» деген ойға қалады. Карлға бара-бара жындыхана мен аралдың арғы бетіндегі қаланың айырмашылығы жоқ секілді көрінді. Екіжүзді, есалаң адамдар екі жақта да өріп жүр.

Романды оқығандар адам жанынан түңілгені секілді соқыр қоғамнан да түңіледі. Дегенмен автор басты кейіпкер Карлды жындыханадан қашыру арқылы көркемдік шешім

дай. Тылсым. Біз алғашқысына сенгіміз келеді.

Романда қоғам бейнесін оқытушылар, мешкей полиция қызметкері, дәрігерлер сипатын беру арқылы көрсетеді. Бұл да қоғам проблемасы. Біз сенген, біз сенетін үшеу.

Жазушы стилі ерекше. Шығарма бірінші жақтан жазылған. Нарратор басты кейіпкер – Карл. Бір деммен оқып шығатындай тілі жатық шығарма. Автор прозадағы аллитерацияға көбірек барады. Шектен тыс қолданғандықтан кейде жаңылтпаш секілді, не оқып жатқаныңды ұқпай қаласың. Мәселен: Жүздеріндегі шаршаудан жаумен жағаласып жүргенде жараланып, жорықтан жүрегі шайлыққан жауынгердің жүйкесінің жағдайын шамалауға болатын. // Шапшағын тұлға-бітімі, тұрымтайдай ғана тұрқы бар табиғи туынды сөт сайын ұнап барады. // Телегей теңіз тоғыз толғатып, аралды қайта туғандай.

Жазушы жаңалығы. Жас жазушы Әлихан Жақсылықтың «Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе?» романы да қазақ әдебиетіне өзінше жаңашылдық әкелді. Серпіліс жасады десек те артық емес. Тіпті кейбіреудің сын ретінде айтқан пікірлері әлдеқалай артықшылық сияқтанады да тұрады. Романда қазақ әдебиетінде көп кездеспейтін суретші қыз бейнесі жасалған. Еркін, сұлу, ойлы қыз. Лили – қазіргі қазақ қыздарының бейнесі секілді. Ал Карл – жастардың үні.

Бұл роман идея беру жағынан алдына қойған мақсатын жауапкершілікпен алып шықты дей аламыз. Өз көзқарасын ашық білдіретін жас жазушы шығармашылығы өзінің өткір ойларымен бағалы. Қазіргі қазақ әдебиетінің жаңалығы көп оқылып, көп талқыға түсу қажет деп ойлаймыз.

Гүлфайруз ЖҮСІП

Дайындаған Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Мен үшін Бейсен Құранбек мәңгі тірі. Тәні ана дүниеде болса да, оның көзі тірісінде жасаған ісі мына фәни дүниеде диірменнің тасындай айналып тұр. Бейсен ағам менің ғана емес, барша қазақтың жүрегінде де тірі. Осындайда «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған», – деген Абайдың сөзі ойға оралады.

Менің тұлғам – Бейсен Құранбек



Бейсен Құранбек туралы мәліметтер жинауға кірістім.

Кез келген халықтың тарихына зер салсаңыз, әр заманда да елін өрге сүйрейтін тұлғаларды халықтың өзі тудырады. Жоғарыда айтып өткенімдей, «Қазақстан» телеарнасындағы «Айтуға оңай» бағдарламасының сан мың көрерменнің көңілінен шығуы Бейсен Құранбектің журналистік мықты қабілеті мен зор еңбегі екенін айқындап берді. Бейсен аға өз заманының тамырын осы бағдарлама арқылы дөп басып, сол арқылы ол халқына өте жақын болып, дүйім жұрттың алдында өзі де танымал тұлғаға айнала алды. Әрине, ол мұның бәрін атақ-абырой жинайын деген еспен жасамағаны айдан анық еді.

Осы жерде алып тұлғаның істеген жұмыстарын атап өткім келіп отыр:

- «Айтуға оңай» бағдарламасы арқылы мұқтаж жандардың мәселесін шешті.

- Туған жерге тағзым ретінде өмірінің соңғы кезеңінде Талдықорған қаласында ірі жобаларды жүзеге асырған. Мәселен, облыстық арнаның беделін арттырып, заманауи техникалық базамен қамтамасыз етуге септігін тигізді.

- «Отбасы хрестоматиясы» кітабының аудиожазбаларының шығуына себепкер болды.

- Жас отбасыларға арнап жеті қағидасын нақтылап шықты.

- Қойын дәптердегі құнды сөздер қағидасын түсінікті етіп жазып, адамның бойындағы төрт кедергі туралы пікірін ортаға салды.

Мектеп және жоғары оқу орнындағы оқулықтарда Бейсен Құранбектің өмірбаяны мен атқарған қызметі жайындағы ашық сабақтар барынша насихатталатын болса, әр студенттің, оқушының патриоттық сезімі оянар еді. Әр жыл сайын мектеп оқушылары арасында «Бейсен Құранбек атындағы жас тілшілер конкурсы» дәстүрлі түрде өткізіліп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді.

Менің жасым 18-де. Қазір өзім ұнатып түскен жоғары оқу орнында жапон тілі мамандығы бойынша білім алудамын. Алар асуым, шығар тауым алдымда. Осы жолда мені рухтандырып, шаршатпай, қажытпай тұратын ата-анамнан кейінгі тұлға – Бейсен ағам деп айта аламын.

Мерей ӘЛІХАН,
шығыстану факультетінің студенті

Жазғы демалысты студент, жалпы, білім жолында жүрген жастардың асыға күтетіні анық. Тоғыз ай оқу кезеңі аяқталған соң, әсіресе студенттер жазғы демалысын қалай өткізетінін алдын ала жоспарлап қояды.

Студенттер жазғы демалысты қалай өткізеді?



Ата-анасынан жырақта, үлкен қалада білім алып жатқан студенттер туған жеріне, үйіне қайтуға асығады. Үш ай демалыста жақындарының жанында мауқын басып, қолғабыс етеді. Қаланың қарбалас тірлігінен босап, демалып, жаңа оқу жылына үлкен дайындықпен келеді. Енді бірі уақытын босқа кетірмей, түрлі тіл үйренетін немесе өзге де қажетті курстарға жазылады. Студенттердің басым көпшілігі жұмыс істеп, а т а - а н а л а р ы н а ауыртпалық салмай, өзі еңбектенгенді жөн көреді. Ал жазғы демалыс жұмыс істеуге ең қолайлы уақыт. Студенттік кезде жұмыс істеу, адал еңбекпен ақша табу, жазғы демалысты текке өткізбеу ерекше сезімге бөлері хақ.

Демалысты әрі пайдалы, әрі ұмытылмастай өткізу өзіңе байланысты. Көптен уақыт бөле алмай жүрген шаруаларыңмен айналысып, спортпен шұғылдану, кітап оқу, саяхаттау арқылы миың тынығып, таным-көкжиегің кеңейіп, денсаулығың да біршама жақсарып қалады.

Жазғы демалыстың да аяқталуына санаулы күндер қалды. «Үш ай жазғы каникулда қандай іспен айналыстым, жоспарым орындалды ма, мен үшін бұл демалыс несімен ерекшеленді?» деп өзіме есеп беремін.

Биыл жазғы каникулымды жаман өткізбедім. Денсаулығымды тексерттім, ата-анама көмек бердім.

Студент түрлі жанрдағы кітап оқуды, күніне кемі 10 бет оқуды әдетке айналдырса, бұл уақыт аралығында бірнеше кітапты оқып тастауға болады. Көркем шығарма оқу арқылы сөздік қорын толықтырып, ойын анық әрі дәл жеткізуге дағдыланады. Жазғы демалысты жақсы өткізудің тағы бір жолы – саяхаттау. Өзге қалаға, тіпті басқа мемлекетке саяхаттау жаңа тіл үйреніп, басқа ұлттың, халықтың өмірі, тіршілігімен танысуға мүмкіндік береді. Көлік жүргізуді осы кезде үйреніп алсаң, бұл да үлкен олақ.

Әнел АУҒАМБАЙ,
журналистика факультетінің студенті

БІР ПІКІР

Ғалымдар өмірді өзгертеді

Бүгінгі жастар, яғни менің замандастарым, заман талабына сай әртүрлі болып қалыптасып келеді. Мәселен, кейбірі дәстүршіл, енді біреуі діншіл, келесісінің таным-түсінігі заманауи. «Жақсы өмір сүрсем, көп ақша тапсам» деп ойлайды.

Арамызда ғылым құғысы келетіндер де жоқ емес. Бірақ олар тым аз. Өйткені біздің елде «ғылым соңына түскендердің болашағы бұлыңғыр» деген пікір қалыптасқан. Меніңше, бұл жаңсақ пікір. Өйткені

қазіргі заманның ғалымдары бақуатты өмір сүреді. Олар жаңалық ашып, еліміздің дамуына ықпал етеді. Бір ғана IT саласында соңғы жылдары ашылған жаңалықтың көптігінен көз сүрінеді. Меніңше,

келешекте ғалымдардың мәртебесі көтеріледі. Былайғы жұрт «миы қатты жұмыс істейтін адамдарға» қызыға бастайды, оларды құрмет тұтатын болады. Қазір де ғалымдарымыз құрметке кемшін емес, болашақта оларды ерекше бағалайтын боламыз. Өйткені ғалымдар өмірді өзгертеді.

Жанар ЖҰМАБЕКОВА,
журналистика факультетінің студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.